

№39 «Достық» бөбекжай – балабақшасы

«Жас маман» талдау есебі

Тәрбиеші: Намазбаева Г.А.

Мен 2019 жылы қыркүйек айынан бастап «Достық» балабақшасында жұмыс жасай бастадым. «Балапан» тобына келіп, өзімнің тәлімгерімен балалармен таныстым.

Осы балабақшаға келгенде жас маман ретінде тәрбиеші Ляззат Аманжолқызының қасына бекітіліп міне 3 жылдан бері бірге жұмыс жасап келе жатырмын. Білмегенімді үйреніп алдағы уақытта әліде тәжірибе жинақтаймын деп сенемін, осындай ортаға түскеніме ризамын әрбір баланың тілін тауып, ата анамен жақсы қарым қатынаста болудың өзіне үлкен шеберлік керек екенін түсіндім.

Жұмыстың онайы жоқ бірақ тәлімгерімнің қолдауының арқасында дұрыс бағыт алып, еңбек бәрін жеңбек дегім келеді. Бірлесе жұмыс жасаудың арқасында ашық сабақтар мен ертеңгіліктер, мерекелік іс шаралар өткізіліп, қалалық, облыстық республикалық (конкурстар мен семинарға) қатыстым.

Әдістемелік жоспар құруға көмектесіп, сонымен қатар күнделікті тәрбие жұмысын, жылдық перспективка және апталық циклограмма жоспарын құру үлгісімен таныстым.

Тәлімгерімнің оқу қызметіне қатысып, білмегенімді сұрап ақыл кеңесін алып жүрмін.

Желтоқсан айында тәрбиеленуші мен бірге «Қыс көрінісі» атты Республикалық конкурсқа қатысып I орын алды.

Тәрбиеленушімен бірге «Данышпан» Республикалық конкурсқа қатысып, I орын алды.

Қыркүйек айында тәрбиеленушімен бірге «Күз сыйы» атты конкурсқа қатысып I орын алды.

Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша курсты оқыдым. «Куәлік» пен «Сертификат» берілді.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми-әдіснамалық» курсын оқыдым.

«Достық» ұжымымен жұмыс жасап жатқанымға баршаңызға көп көп рахмет!!!